

А.С.Адилова, А.Ш.Смаилова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: adilova2010@mail.ru)

Көркем фантастика мәтіндерінің лексикасы

А.-Х.Ф. Мархабаевтың «Жұлдыздар жарығы жерге жетеді» романы бойынша

Қазақ көркем фантастикасы мәтіндерінің вербалды қабатындағы лексика арнайы қарастыруды қажет етеді. Ондағы жалпыхалықтық лексика, арнаулы лексика, квазитерминдер, түрлі кәсіби сөздер, неологизмдер қаламгер суреттеп отырған қиялдағы дүниені неғұрлым шынайы елестету, оқиғалар мен құбылыстарға қатысты ғылыми-фантастикалық немесе техникалық мәліметтерді жеткізу, автордың концептуалды ойын жеткізуге қажетті реалияларды нақтылау, сипаттау, таныстыру мақсатында қолданылады. Фантастика мәтіндерінде кездесетін авторлық неологизмдерді ғылыми әдебиетте түрліше атайды. Қарастырылып отырған мәтіндегі авторлық қолданыстарды квазитерминдер деп атауға болады, алайда олардың поэтикалық окказионализмдер қатарына жатқызыла алмайтынын да айта кеткен дұрыс. Квазитерминдер қазақ тілінің аналитикалық сөзжасам тәсілімен жасалып, түрлі квазиреалияларды атау үшін қолданылған.

Кілт сөздер: фантастикалық әдебиет мәтіндері, квазитерминдер, концептуалды ой, реалия, сөзжасам, аналитикалық тәсіл.

Фантастикалық көркем әдебиет — негізінен, ойдан туындайтын, ғылым немесе техниканың қоғамға, яки жекеге ықпалын суреттейтін, баяндайтын нысанасы беймәлім өңірдегі қияли әдеби мәтіндер. «Фантастика» ұғымының өзі де қиялдану өнерін меңзейді.

«Ғылыми фантастика — әдебиеттің перзенті. Демек, оны оқыған адам ғылыми мәлімет, фантастикалық қуат алуы және ғылымдағы тенденцияны аңғарумен қатар, эстетикалық ләззат алуы тиіс. Жазылған дүниенің қажетті компоненттері жетпей де қалмай, асып та кетпейтіндей дәрежеде болғанда ғана рухани ләззат та, ғылыми таным да алуға болады» [1], — деп атап көрсеткен А.-Х.Ф. Мархабаевтың қазақ фантастикасының қалыптасуына қосқан үлесі қалың оқырманға кеңінен таныс, ал оның фантастика жанрының пайда болуы, көтерген тақырыбын зерттеген монографиясы постсоветтік кеңістікте осы тұрғыдағы алғашқы еңбектердің бірі екені белгілі.

Ғылым мен техника дамуындағы жаңа кезең, яки космос дәуірі, фантастикалық әдебиет тақырыбын да тың өріске шығарды: бұрынғы арманға енді нақты ғылыми деректер араласты, аспан туралы қиялға бүгінде астронавтика, астроботаника, астрофизика, космос медицинасы секілді ғылымның жаңадан өркен жайып келе жатқан тың салалары қатысты.

А.-Х.Ф. Мархабаевтың «Жұлдыздар жарығы жерге жетеді» атты туындысындағы тілдік құралдардың қолданылу мақсатын айқындап, вербалды құрылымындағы сөздердің экспрессивтік-эмоционалдық бояуын көрсете отырып, олардың көркемдік-стилистикалық қызметін саралау негізінде қаламгердің стильдік қолтаңбасын анықтауға авторлық-индивидуалды сөзқолданыстар, сөзжасам модельдері, квазитерминдер ықпал ететіні байқалады.

Жазушының стиль даралығы сөздерді белгілі бір мақсатта қолданылуында көрінеді. Абдул-Хамид Ф. Мархабаевтың шығармасында стильдік мақсатта фантастикалық терминдер, фантастикалық кәсіби сөздер, авторлық неологизмдер, мақалдар, қысқарған сөздер, күрделі атаулар, айқындауыш мүшелер жиі кездеседі.

Қазақ көркем фантастика мәтіндерінің вербалды қабатында ұлттық тіліміздің жалпыхалықтық қолданыстағы сөздерін, арнаулы лексиканы кездестіруге болады. Фантастика мәтіндерінде қазақ тілінің сөзжасамдық тәсілдері бойынша жасалған лексикалық бірліктер қаламгер суреттеп отырған қиялдағы дүниені шынайы елестету, оқиғалар мен құбылыстарға қатысты ғылыми-фантастикалық немесе техникалық мәліметтерді жеткізу, автордың концептуалды ойын жеткізуге қажетті реалияларды нақтылау, сипаттау, таныстыру мақсатында қолданылады.

Қазақ тілінің қоғамдық рөлінің артуымен жарыса өрби дамыған саласы — лексика, оның дамуын зерттеу тіліміздің дамуының элеуметтік сырын және өз ішкі заңдылықтарын тануға көп септігін тигізеді. Егер дұрыстап қарайтын болсақ, тілде пайда болған сөздердің көбі оның ішкі құрылысының дамуынан тумады, жаңа ұғымдар, оны тіркеуші сөздер қоғамдық дамудың барысында пайда болады. Осының негізінде тіл оларға дыбыстық түр беріп, лексика мен фонетика байланысы, одан морфологиялық, синтаксистік т.б. формалар байланыстары өрбіп қалыптаса бастайды. Қоғам өмірінде болып жатқан жаңа үдерістермен байланысты мыңдаған жаңа сөздер пайда болады. Олардың көпшілігі біртіндеп халыққа танылып, қолданыс жиілігі жоғарылау нәтижесінде өзінің жаңалығынан айрыла бастайды, түсіндірме немесе тіркеуші сипатта сөздіктерге енгізіледі.

Фантаст-жазушы үшін мазмұндық-фактуалды ақпаратты жеткізуге жалпыхалықтық қолданыстағы лексика мен арнайы терминология жеткіліксіз болады, себебі ол өзі ойлап тапқан, қиялындағы болмысты нақты реалиялармен сипаттай алмайды, сондықтан ол жаңадан сөз жасауға мәжбүр болады. Ал көркем фантастика мәтіндерінде жасалған жаңа сөздерді атау үшін түрлі атаулар ұсынылған. Олардың қатарында орыс тіл біліміндегі «квазилексеми», «квазитермины», «лжетермины», «вымышленные термины» («жалған терминдер», «ойдан шығарылған терминдер», «квазитерминдер», «квазилексемалар») сөздерін атауға болады.

Жалпы орыс, ағылшын тілдерінде қазіргі заман, технология, техника және экспрессивті сөзқолданыс нәтижесінде пайда болып жатқан неологизмдерді М. Эпштейн былайша топтастыруды ұсынады: 1) футурологизмдер; 2) актуализмдер; 3) экспрессизмдер; 4) протологизмдер. Автор өзі атап көрсеткен неологизмдердің әрқайсысына біршама толық сипаттама беріп, олардың жасалу жолдарына аздап тоқталады. Бұлардың арасында біз үшін маңыздысы — футурологизмдер, себебі бұлар ғылым мен техниканың дамуымен байланысты пайда болатын сөздер. Олар — *futurologism*, «будесловие» деген сөзден шыққан, неологизмнің бір түрі, әлі шындықта жоқ, бірақ болуы ықтимал зат не құбылыс атауын білдіретін жаңа сөз. Қазіргі қолданыс тіліне енген футурологизмнің бірі ретінде 1920 ж. ағайынды Чапектер жұмсаған «робот» деген сөзді мысалға алсақ та жеткілікті. Сол тәрізді америкалық фантаст У.Гибсон 1984 ж. «киберпейс», «киберпанк» сөздерін енгізген. Футурологизмдер — өздері таңбалайтын құбылыстан бұрын пайда болатын сөздер, сол сөздердің қолданылуы таңбаланатын құбылыстардың шындыққа айналуын қалыптастырады. Орыс мәдениеттанушысы ұсынған классификациядағы тағы бір назар аударатын неологизмдер — протологизмдер. «Сам этот термин — новое слово, которое еще не успело стать неологизмом. Предложенный мною в 2003 г. термин protologism получил распространение в английском языке, в частности, широко употребляется в самой большой в мире сетевой энциклопедии «Википедия» (Wikipedia). Протологизм (*protologism*, от гр. *protos* — первый, начальный + *logos* — слово) — новое слово, предложенное его автором для введения в язык, но еще не нашедшее применения у других авторов, не закрепившееся в качестве неологизма» [2].

Бұл орайда тіл білімінде бұрыннан белгілі окказионализмдер мен потенциалды сөздер еске түседі және академик Р.С. Сыздық айтқандай: «Сол сияқты жеке ақын-жазушылардың шығармаларында кездесетін окказионализмдер деп аталатын тілдік нормаға бағынбаған, тосын, «кездейсоқ», «бір жұмсар» сөздерді лингвистикалық неологизмдер қатарына қосуға бола ма, болмай ма? деген сұраққа да айрықша қарау керек» [3]. Біздіңше, көркем фантастика мәтіндеріндегі авторлық қолданыстарды окказионал сөздер қатарына жатқыза алмаймыз, себебі олардың атқаратын стильдік қызметі мүлдем басқа, яғни қаламгер бір жұмсар сөздерді төмендегі мақсаттарда пайдаланады: «а) ойды дәл әрі қысқа беруді көздеу; ә) жазушы санасында пайда болған күрделі образды жинақтап, синтездеп беруге ұмтылу, бірнеше ой жүйесін шоғырландырып беру; б) тілімізде бұрыннан бар ұғымдарға анағұрлым сәтті атаулар беру; в) құбылысты бейнелі түрде суреттеу қажеттілігін сезіну; г) поэтикалық техниканың әр түрлі міндеттерін өтеу: 1) ұйқас үйлесімін сақтау; 2) ырғақтық әуезділікті бұзбау; 3) сөз қолданысында тавтологиядан сақтану; 4) сөздің сонылығына, өзгешелігіне ұмтылу, «ескі» сөздерді қайталай бермеуге тырысу» [4]. Мәселен, зерттеуші Р.Сыздық Ә.Кекілбаевтің «Үркер» романынан *батымды болу, сойыл дос, қамшы дос, мәмлехана, жолығыс*; ал

О. Бөкеевтің «Қайдасың, қасқа құлыным?» повесінен *мамырстан заман, бақида* сияқты окказионализмдерді көрсетсе, Х. Нұрмұқанов *баянат, көнерім, ескірім, басытқылау, келгін, күйінді* деген сөздерді атап, Қ.Мырза-Әлидің екі жолын келтіреді: *Шаруакештер шөлдегі ақшағылды терін төгіп жайнаған бақша қылды*. Ал қазақ ақын қыздарының бірі Г. Салықбайдың өлеңіндегі окказионалды сөз мүлдем жаңа номинация: *Енді ешқашан енбейтін тұсханаңа, Мені мәңгі қайтпайтын құсқа бала. Жалғызыңды қайтесің жалған жоқтап, Ғұмырымыз онсыз да да қысқа гана*. Бұл мысалдардағы неологизмдердің бәрі — поэтикалық окказионализмдер.

Термин (лат. *terminus* — шек, шеті, шекарасы деген мағынада) — ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Оларды зерттеушілер жалпы ғылыми және арнайы терминдер деп үлкен екі топқа бөледі, яғни алғашқыларына көптеген ғылым салаларына ортақ терминдердің жатқызса, екіншісі тек бір ғана салада қолданылатын терминдерді қамтиды. Ал көркем фантастика мәтіндеріндегі терминдердің ғылыми қолданыстағы лексикалық бірліктерден айырмашылығы бар.

Абдул-Хамид Ф. Мархабаев шығармаларындағы авторлық қолданыстарды квазитерминдер қатарына жатқызған дұрыс, өйткені *квази* — латынның *quasi* «почти» (дерлік), «наподобие» (ұқсас), «как будто» (тәрізді) деген мағынада жұмсалатын халықаралық элементке айналып үлгерген сөзі. Сонда қазақ көркем фантастика мәтіндерінде жұмсалатын терминдер ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер емес, соған сыртқы формасы, мағынасы, мәні, қызметін ұқсастыру нәтижесінде жасалған жаңа қолданыстар. Мұндай квазитерминдерді анықтау үшін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторға сүйенуі қажет, яғни бұл сөздер лингвистикалық сөздіктерде тіркелмеген және қоршаған ортада бұлар атау болатын нақты зат, ұғым, құбылыс жоқ. Сонымен қатар бұлардың барлығы да тек осы контексте ғана қолданыла алады.

Көркем фантастика авторлары мүлде бейтаныс орта мен ұғым, құбылыстарды суреттейтіндіктен, тосын сөздер жасауға ұмтылады, алайда көп жағдайда ана тілінің сөзжасам үлгілері, тәсілдеріне сүйенеді. Өйткені жасанды сөздермен қиялындағы құбылыс, заттардың денотатын елестете алмайды. Алайда бұл денотаттар тек фантастика мәтнінде пайда болатындықтан, оларды жасауға негіз болған элементтер бірден танылады. Квазитерминдердің құрамындағы жекелеген сөздердің лексикалық мағынасы белгілі себебінен, олардың мәтіндегі мәнін түсінуге болады, яғни автор квазитерминдерді жасау барысында екі түрлі мақсатты көздейді: 1) ойдан шығарылған, таныс емес әлемдегі барлық жағдайды толық, дәл суреттеп, оның күнделікті өмірдегі жағдайдан өзгеше екенін көрсетеді; 2) қиялдағы өмірде өтіп жатқан оқиға, құбылыстардың оқырманға шамамен болса да түсінікті болуын қамтамасыз етеді.

А.-Х. Мархабаевтың мәтіндеріндегі квазитерминдер қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері қолданылып келе жатқан аналитикалық тәсілмен жасалған.

Қазақ тілінде сөзжасамның өнімді тәсілі болып есептелетін аналитикалық тәсілдің сөзқосым, қосарлау, тіркестіру, қысқарту сияқты түрлерін автор өте жиі қолданған. Бұл орайда квазитерминдер сөзқосым арқылы көбірек жасалғаны байқалады, мәселен, грекше *βιο - βίος, bios*, «өмір» сөзімен жасалған квазитерминдердің бәрі ұлттық тіл қорындағы адамның дене мүшелері атауларымен қосу нәтижесінде пайда болған: *биодене, биожүрек, биомасса, биоми, биокөз, биожүйке, биоөңеш, биоауыз, биоағза, бионейрон*. *Квазикварк, квазилазер, галакосмоэфир* сияқты сөздердің екі не үш сыңары да өзгертiлдік элемент болса, кейбір квазитерминдер таза қазақ тіліндегі сөздердің бірігуінен көрінеді, мысалы, *ғарышхат, иісдыбысбейне, ғарышнама*.

Ең көне ескерткіштер тілінен белгілі сөз қосарлау арқылы жасалған квазитерминдер арасында *сарапшы-тамырлар, көлікші-маман, зерткер-химик-теміртек, қызметші-теміртектер, сарбаз-теміртектері, фэй-қағаз* сияқтыларды атауға болады.

Аналитикалық тәсілдің тіркестіру түрі де көркем фантастика мәтіндерінде өнімді қолданылады, себебі қандай да бір ұғым немесе затты дұрыс, дәл атау үшін әр сөздің мағынасы бір-біріне үстемеленеді. Мұндай жасанды терминдердің қатарында *Кварк таспалы гиперкітапхана, Реж Іріктеу Тобы, Жайсаң Кітаптар Жарысы, Планеталық Ғарыш Көліктерін бақылау Ұлпаты, Реж Орталық Квазар Иісдауысбейне дидар Ақпарат Ұлпаттастығы* сияқты күрделі атауларды көрсетуге болады. Бұлардың құрамындағы сөздердің бірі контекстен түсінікті болса, енді бірі — авторлық окказионализм. Мәселен, қазақ тіліндегі «тұрпат» сөзінің үлгісімен жасалған *ұлтат* лексемасы тосындығымен бірден байқалады.

Қазақ тілінде бұрын қысқарту тәсілі тек адам аттарына қатысты болса, совет заманында күрделі атауларды қысқартып атау үрдісі қалыптасты. Қазірде ресми және публицистикалық, ғылыми стильде өнімді қолданылатын қысқарту тәсілі А.-Х.Ф. Мархабаев шығармашылығында жиі кездеседі. Мысалы, бірнеше сөздің тіркесінен құралған күрделі атауларды қысқартып қолданған: *ТК — Төре Компьютершісі. Енді бар билік тек қана планетаның Төре Компьютершісіне (ТК) тиді; АТО — Ақпарат Тарату Орталығы. АТО жетекшісінің компьютері бейне бір жылдам жүгіріске шыдамай, тоқтап қалды; МИОП — Мүлік Иелігі Орталығының Президенті. Сол МИОП, реждіктер құлақтанып кеткесін, амалсыздан, орнынан қуылды; ЖЖЖЖ — Жат Жұрттықтармен Жанасушылар Жетекшісі. ЖЖЖЖ сәл-пәл тоқтаңқырап, қайтадан сөзін ұластырды.* Автор оларды алғашында толық нұсқамен беріп, келесі қолданғанында аббревиатурамен келтіріп отырған.

Қаламгер мәтінінде кездесетін квазитерминдерді тақырыптық жағынан былайша топтастыруға болады:

1. Басқа, қиялдағы әлем адамының дене мүшелеріне байланысты атаулар: *биодене; биожүрек; биомасса; биоми; биокөз; биоөңеш, биотану; биожүйке, биоағза; биоқұлақ; биотыныс жолдары; биотөбеқұйқа.*

2. Галактикалық кәсіп түріне байланысты қолданылған кәсіби сөздер: *сарапшы-тамырлар; киберхана меңгерушісі; хатишы-робот; космохабаршы; тілмаш-робот; биокиберші; көлікші-маман; биосарапшы; зерткер-химик-теміртек.*

3. Ойдан шығарылған планеталар атаулары: *Ісмер планетасы, Қаж планетасы, Коре планетасы, Реж планетасы, Шер планетасы, Ро планетасы, Қорған планетасы, Сион планетасы.*

4. Жоғарыда аталған фантастикалық планеталардың өз ішінде қолданылатын терминдер: *ғарышхат, Кварк таспалы гиперкітапхана, квазарденедидар, фай-қағаз, иісдыбысбейне, әдеби-уфология, галакосмоэфир.*

Бұлардан басқа түрлі құрылғы, жабдықтардың атаулары жиі кездеседі, оның себебі автор өзі ойдан шығарған әлемдегі жағдай, оқиғаны реалды түрде беру үшін квазиреалияларды қолданады. Мысалы, *Түрлі-түсті без-түймелердің қалағанын бассаң — әрқайсысының өз қызметі бар; Мысалға, төмендегі сарапшы-тамырлардың қарсы маңдайындағы жиналыс үйі төріндегі ұзын үстелдерді көргің келсе — қызыл без-түймені бас; Планеталық Ғарыш Көліктерін бақылау Ұлпатының тексеру қорытындысында Бас-Баһадүрдің өз меншігін бөлген сенің тақымыңа түскен зымыранның алба-жалбасын шығарып, құртып, лақса қылғаныңды мәлімдеді.*

Абдул-Хамид Ф. Мархабаев шығармаларында адам қиялынан тыс әлемде болып жатқан оқиғалар мен өмір сүріп жатқан тіршілік иелері туралы сөз болып жатса да, этнолексика көптеп кездеседі: *Енді тілмаш роботын айтсаңшы, бір көрсе, рахатты осыдан көретін шығар, қас пен көздің арасында олардың тілдерін судыратып біліп шығатынын қайтерсің! Парықсыз сөз естіген биокибершілер жапырыла осылай қарасты. Ана жанды, биосарапшы-тамырларыңыз кейінгі жауапкершілікті өздерінен гөрі «қу темірге» аударғандары тиімді емес пе?! Ол ресми әйел болғаннан бері, екі күннің бірінде өз төркіні сонау Сион планетасына шауып барып-келуге аңсары ауады да тұрады. Реждің бетін басып жүрген қаншама платина жүзіктің көзінен өтетін, Ай десе — аузы бар, Күн десе — көзі бар, қандас лимфалас бойжеткендерді елемей былай қойып, сонау Сион планетасы асып барып, құда түсіп, мына аузы итаяқтай қызсымаққа ұрынғаны. Біртұтас Тәуелсіз Планеталар Достастығын ұйымдастырып, соның Баһадүрі болуды ниет ететіндей.*

Байқалып отырғанындай, түрлі тақырыптық топтарға жататын лексикалық бірліктер мен фразеологизмдердің ұлттық бояуы бірден назар аудартады.

Абдул-Хамид Ф. Мархабаев шығармаларында айқындайтын мүшенің бір сыңары болып, мазмұнын дәлелдеп тұратын сөздер, яғни қосарлы айқындауыштар да, бар.

Мысалы: *Әмірші-Дарабоз, Қосбас-Самұрық, қара-робот, қызметші-теміртектер, жұлдызшы-биотеміртект, тілмаш-теміртект, сарбаз-теміртект.*

1) *Әмірші-Дарабоздың — био және қарабайыр теміртекттер Қожайынының — мінез-құлқы қазірде, фрион тиген озондай, ыдырап, тіпті өзгеріп кеткен.*

2) *Қоластындағы қатардағы, можантопай теміртекттер түгіл, біршама есі бар, осы Қосбас-Самұрық Нысан-планетасының әтібірлі қаймағы саналатын топты бастайтын Төраға биотеміртекттер де не боп, не қойғанынан бейхабар.*

3) *...Ең әдепкіде оған Сарай ішіндегі қызметші-теміртекттер аса көп мән бере қоймағанды.*

4) *Жайбарақат отырған Жұлдызшы-биотеміртект орнынан, төменгі жағынан серіппе тепкендей шоршып атып тұрды.*

5) ... *Сосын, әсіресе, тілмаш-теміртек жасау ісін өте-мөте шұқшия қадағалады.*

6) ... *Ал сарбаз-теміртектері анда барды дейік.*

А.-Х. Мархабаевтың көркем фантастика мәтіндерінің лексикалық ерекшеліктері жоғарыда көрсетілгендермен шектеліп қалмайды, ондағы интертекстуалды байланыстар маркерлері, жасанды антропонимдердің стильдік қызметі де атап өтуге тұрарлық.

Қорыта айтқанда, қазақ көркем фантастика мәтіндерінің вербалды құрылымындағы лексикалық бірліктер, олардың жасалуы, экспрессивтілігі мәтіннің стильдік ерекшеліктерін таныта алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Мархабаев А.-Х.* Қазақ фантастикасының поэтикасы. — Алматы: Қазақ университеті, 2008. — 175-б.
- 2 *Эпштейн М.Н.* Типы новых слов: Опыт классификации. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.topos.ru/article/5174>
- 3 *Сыздық Р.* Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. — Алматы: Арыс, 2009. — 169-б.
- 4 *Мұратова Г.Ә.* Көркем әдебиеттегі қажеттілік пен кездейсоқтық. — Алматы: Атамұра, 2002. — 45, 46-б.

А.С.Адилова, А.Ш.Смаилова

Лексика текстов художественной фантастики

По роману А.-Х.Ф. Мархабаева «Лучи звезд доходят до земли»

Лексика на вербальном пласте текстов художественной фантастики нуждается в специальном рассмотрении. Всеобщая народная лексика, специальная лексика, квазитермины, разные профессиональные слова, неологизмы используются в целях наиболее реального представления мира фантазии, который описывает писатель, для донесения научно-фантастической или технической информации, касающейся событий и явлений, для уточнения, описания, ознакомления необходимых реалий. Авторские неологизмы, встречающиеся в текстах фантастики в научной литературе, называют по-разному. Используемые автором термины в рассматриваемом тексте можно назвать квазитерминами, однако надо признать, что их нельзя отнести к ряду поэтических окказионализмов. Квазитермины образованы аналитическим словообразовательным способом казахского языка, использованы для наименования разных квазиреалий.

A.S.Adilova, A.Sh.Smailova

The vocabulary of literary fantasy texts

On the basis of A.-Kh.Ph. Markhabayev's novel «The rays of stars come to earth»

The verbal level of vocabulary of the Kazakh literary fantasy texts need to make special determination. The following constructions like general and national vocabulary, special vocabulary, quasiturbine, different professional words, neologisms help to the author express the feeling which was produced according to some events or situations, also the author can describe the real emotions which was the result of some activity and the writer can express his knowledge according to scientific researches or determine the special scientific or technical terminology where kept a lot of information. These kinds of methods are considered to be as the best one to describe, transfer, select and analyze the information. Some authorial neologisms in fantasy texts can be called differently in scientific literature. The examples which are discussed in the texts can be called quasiturbine. Nevertheless the quasiturbine cannot be considered to be occasionalism. The quasiturbine is made from analytical Kazakh language and using to call different quasiradials.

References

- 1 Markhabayev A.-Kh. *Poetry of Kazakh fantasy*, Almaty: Kazahskiy universitet, 2008, p. 175.
- 2 Epshtain M.N. *Types of new words: The experience of classification*, [ER]. Access mode: <http://www.topos.ru/article/5174>
- 3 Syzdyk R. *Innovation and old in Kazakh language*, Almaty: Arys, 2009, p. 169.
- 4 Muratova G.A. *Needs and spontaneity in Kazakh literature*, Almaty: Atamura, 2002, p. 45–46.